

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 4 қарашадағы № 305 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қарашада № 4342 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17, 69, 71-1 – баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және "Lucent Petroleum" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 1999 жылғы 7 сәуірдегі № 317 келісімшартқа № 14 толықтыру негізінде Бейнеу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Lucent Petroleum" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне келісімшарттық аумақ шегінде пайдалы қазбаларды барлауды жүргізу үшін Бейнеу ауданының аумағында орналасқан ауданы 1690,0 гектар және 51,605 гектар жер учаскелеріне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан 2022 жылдың 19 қазанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Елемесов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Теміровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бейнеу ауданының әкімі*

*Б. Абилов*